

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Фармация комитеті Төрағасының
2017 жылғы “08” 06
№ N008696 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық**

БЕПАНТЕН®

Саудалық атауы

Бепантен®

Халықаралық патенттелмеген атауы

Декспантенол

Дәрілік түрі

Сыртқа қолдануға арналған 5% жақпамай

Құрамы

1 г жақпамайдың құрамында

белсенді зат - 50 мг декспантенол;

қосымша заттар: протегин Х, цетил спирті, стеарил спирті, ланолин, аранын ақ балауызы, ақ жұмсақ парафин, бадам майы, сұйық парафин, тазартылған су.

Сипаттамасы

Ланолиннің өзіне тән иісі бар, крем тәріздес ақ түсті, жұмсақ, созылмалы, біртекті жақпамай.

Фармакотерапиялық тобы

Аса жоғары тыртықтануды емдеуге арналған басқа да препараттар.
Декспантенол.

АТХ коды D03AX03

Фармакологиялық қасиеттері

Фармакокинетикасы

Декспантенол теріге тез сіңеді. Декспантенол пантотен қышқылына айналады және витаминнің эндогендік бөлігімен бірігеді. Қанда пантотен қышқылы плазма ақуыздарымен байланысады; өзгермеген күйде – 60-70%-ы несеппен, қалған бөлігі асқазан ішек жолы (АІЖ) арқылы шығарылады.

Фармакодинамикасы

Декспантенол Бепантеннің белсенді компоненті болып табылады, жасушаларда пантотен қышқылына жылдам өзгереді. Пантотен қышқылы – эссенциялық А

коэнзимінің компоненті. А ацетилкоэнзимі түрінде жасуша метаболизмінде маңызды рөл атқарады және тері регенерациясын жақсартады.

Қолданылуы

- жеңіл зақымдануларда, жарылуларда, сыдыруларда, тері тітіркенулерінде, жаялықтан болған эритемада, жеңіл күйіктерде, созылмалы ойық жараларда, тесілулерде, теріні ауыстырып салғанда және жатыр мойнының эрозиялары кезінде терінің жазылу үдерісін тездету (белсенділендіру) үшін
- емшек жасындағы балаларда базданудың профилактикасында және емдеуде
- емізу кезіндегі сүт бездері күтімінде: емшек ұшының «құрғақтығын» және жарылуын емдеуде
- тері жабынының бүтіндігі зақымданған кездегі тері құрғақтығын емдеу және профилактикасында, соның ішінде кортикостероидты препараттарды қолданған жағдайда.

Қолдану тәсілі мен дозалары

Жақпамайды терінің зақымданған немесе қабынған бөлігіне күніне 1-2 рет жағады.

Бала емізетін аналардың сүт бездерінің күтімі: жақпамайды баланы әр емізгеннен кейін емшек ұшына жағады.

Емшектегі баланың күтімі: жаялықты (жөргекті) әрбір ауыстырған сайын жақпамайды жағады.

Емдеу ұзақтығы көрсетілімдері мен емдеу тиімділігіне байланысты.

Жағымсыз әсері

- аллергиялық дерматит
- жанаспалы дерматит, қышыну, қызару
- экзема, бөртпе, есекжем
- терінің тітіркенуі және күлбіреуіктің пайда болуы

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препараттың құрамдас бөліктеріне жекелей жоғары сезімталдықта

Дәрілермен өзара әрекеттесуі

Басқа препараттармен өзара әрекеттесу жағдайлары белгісіз.

Айрықша нұсқаулар

Жүктілік және лактация кезеңі

Жақпамайды жүктілік кезінде және емшек емізу кезеңінде пайдалануға болады

Дәрілік заттың көлік құралдарын және қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Бепантен® көлік құралдарын және басқа механизмдерді басқару қабілетіне әсер етпейді.

Артық дозалануы

Артық дозалану жағдайлары белгісіз.

Шығарылу түрі және қаптамасы

3,5 г, 30 г немесе 100 г препараттан алюминий сықпаға салады. 1 сықпадан мемлекеттік және орыс тілдеріндегі медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салады.

Сақтау шарттары

25 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.
Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Сақтау мерзімі

3 жыл.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептсіз.

Өндіруші ұйымның атауы мен елі

ГП Гренцах Продукционс ГмбХ, Германия

Тіркеу куәлігі ұстаушының атауы мен елі

Байер Консьюмер Кэр АГ, Швейцария

Қаптаушы ұйымның атауы мен елі

ГП Гренцах Продукционс ГмбХ, Германия

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан өнім сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның мекенжайы

«Байер КАЗ» ЖШС

Тимирязев к-сі, 42, «Экспо-Сити» бизнес орталығы, 15-пав.

050057 Алматы, Қазақстан Республикасы

Тел.: +7 701 715 78 46 – тәулік бойы

Тел.: +7 727 258 80 40 (106) – жұмыс уақытында

Факс: +7 727 244 70 01

e-mail: kz.claims@bayer.com